

**Патогенді биологиялық агенттерді аса қауіпті инфекциялық аурулар
туғызатындарға жатқызу өлшемшарттары**

1. Патогенді биологиялық агенттерді аса қауіпті инфекциялық аурулар туғызатындарға жатқызу өлшемшарттары «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және патогенді биологиялық агенттерді (бұдан әрі – ПБА) аса қауіпті инфекциялық аурулар тудыратындарға жатқызу өлшемшарттарын айқындайды.

2. ПБА-ны адамдардың және (немесе) жануарлардың аса қауіпті инфекциялық ауруларын туғызатындарға жатқызу өлшемшарттары мынадай жағдайлардың жиынтығы болып табылады:

1) ПБА патогендігі бойынша Заңның 13-бабының 1-тармағында көзделген патогендігі I немесе II топтағы ПБА сыныптамасының өлшемшарттарына сәйкес келеді;

2) ПБА-мен жұмыс істеу биологиялық қорғаудың жоғары шараларын талап етеді;

3) жұқтырудың бірлі-жарым жағдайларының анықталуы төтенше жағдай туғызуға алып келеді;

4) аурудың ағымының өлімге алып келуге қабілетінің ықтималдығы жоғары.

3. ПБА-ны адамдардың және (немесе) жануарлардың аса қауіпті инфекциялық ауруларын туғызатындарға жатқызудың қосымша өлшемшарттары ретінде мыналар да пайдаланылады:

1) ағымы мен эпидемиялық көрінісінің сипаты әдеттегідей емес инфекциялардың қоздырғыштары болып табылатын, осы өңірге тән емес жаңа ПБА-ның анықталуы;

2) өлімге әкеп соқтыратын белгілі ПБА қасиеттерінің мутациясы және (немесе) жоғары эпидемиялық әлеует;

3) осындай ПБА-дан туындаған инфекциялардың тиімді диагностикасы мен профилактикасын қоса алғанда, қызметтер мен инфрақұрылымның ден қоюға әзір болмауы;

4) осындай ПБА-дан туындаған инфекцияның эпидемиялық және (немесе) эпизоотиялық көріністері салдарынан ұлттық қауіпсіздікті, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақсыздандырудың жоғары тәуекелі;

- 5) бактерияға қарсы препараттардың басым бөлігіне резистентті және (немесе) сыртқы ортада резистентті ПБА-ны анықтау;
 - 6) халықаралық ұйымдардың биологиялық қауіпсіздік саласындағы ұсынымдары;
 - 7) биологиялық тәуекелдерді бағалау нәтижелері.
-